

Резюме

В статье рассмотрены вопросы теории и методики преподавания изобразительного искусства в вузе, выделены некоторые наиболее актуальные линии развития содержания, организационных форм и методов предмета «Методика преподавания изобразительного искусства».

Summary

In article are considered questions theory of the methods of the teaching imitative in the University, are accentuate some most actual lines of the development and purport, organization forms and methods theme, “Of the methods of the teaching imitative”.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САЛАСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

К.К.Келденова, С.К.Келденова -
животись кафедрасының оқытушылары

Соңғы уақытта біздің мемлекетіміз балаларға қосымша білім беруге тиісті көңіл бөліп отыр: балалар шығармашылығының орталықтары, оқушылар үйі, жас техниктер станциясы, аула клубтары, жас натуралистер станциясы және т.б. ашылуда. Мұндай мекемелердің айрықша белгісі олардың қызмет бағыттарының алуан түрлілігі болып табылады, бұл шығармашылық дарындылықтың сан алуан түрлерін айқындауға, дамытушы білім технологияларын, креативтілік пен шығармашылық қабілеттерді шынайы дамытуға бағытталған авторлық жаңа буын бағдарламаларын пайдалануға мүмкіндік береді. Балалар өздерінің табиғатына жақынды, өздерінің қажеттіліктерін, мүдделерін қанағаттандыратынды таңдап алады. Қосымша білім берудің мәні осында: ол балаға балғын жастан өзін-өзі анықтауға көмектеседі, оның өзін-өзі танытуына, әлеуметтік мәнді міндеттерді шеше отырып, балалық шағында толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сонымен, Қазақстанның ұлттық сәндік-қолданбалы өнері материалы негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие берудің өзекті міндеттерін жүзеге асыруда қосымша білім берудің ерекше бір саласы ретінде балаларға қосымша білім беру жүйесінің әлеуеті орасан зор. Нағыз осы қосымша білім беру саласында тұлғаның өзін қалыптастыруына, дамытуына, жетілдіруіне, өзінің әрекетшіл мәнін ашуына байланысты көркем білім берудің жаңа нысандарын, әдістерін және мазмұнын әзірлеу ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Осылайша біздің зерттеу саламыз қосымша көркем білім беру шеңберімен, оның үстіне бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерімен және Қазақстанның ұлттық сәндік-қолданбалы өнері материалдарымен шектеледі. XX және XXI

ғасырлар тоғысындағы қоғамдастықтың ұлттық мәдениетке, ұлттық өнерге қызығушылығы «этникалық қайта өрлеу немесе қазіргі заманның этникалық парадоксы» /1/ деген атау алды. Бұл құбылыстың мәні – қоғамдық процестерде этниканың рөлі елеулі артуында, этникалық сәйкестікке, тілге, мәдениетке, ғұрыптарға, дәстүрлерге, өмір сүру болмысына, өскелең ұрпақты «өзінің» ұлттық мәдениеті рухында тәрбиелеуге қызығушылықтың қайта өрлеуінде. Көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері, мұғалімдер мен психологтар (А. Құсайынов /2/, Ж.Ж. Наурызбай /3/) қазақстандық балалардың этникалық сәйкестігінің жай-күйін дағдарысты деп атап көрсетеді.

Дүние жүзі қауымдастығының егеменді және толыққанды мүшесі бола отырып, қазіргі Қазақстан өзінің жаңа тарихын жазу үстінде, бірақ бұрынғы міндеттері көмескіленіп кеткен жоқ, керісінше, одан әрі өзектілене түсті. Сондықтан өзінің ұлттық мәдениетінің және, атап айтқанда, сәндік-қолданбалы өнерінің негізінде қоғамның рухани қасиеттерін дамыту міндеттері басымды болып табылады.

Педагог-ғалымдардың көптеген буындары ұлттың, мемлекеттің руханилығы тек өзінше ерекше энергетикалық өзек – дәстүрлі мәдениет деген тұрақты шама болған жағдайда ғана сақталып қалуға және дамуға қабілетті болатынын дәлелдеді. Зерттеуде дәлелдеп көрсетілгендей, сәндік-қолданбалы өнерді неғұрлым терең және жан-жақты зерделеу үшін өскелең тұлғаның көптеген қажеттіліктерін қанағаттандыратын қосымша білім беру жүйесі анағұрлым ұтымды. Осы жұмыста қосымша білім беру жүйесінде сәндік-қолданбалы өнер материалы негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие беру проблемасы тәсілдерінің бірі ашылады.

Бейнелеу өнері саласындағы қосымша білім беру бағдарламалары: - оқушылардың базалық білімдерін тереңдетеді және кеңейтеді; - көптеген оқушылар үшін оқытуды тұлғалық-мәнді етеді, яғни балада өзін-өзі дамыту қажеттілігінің туындауына ықпал етеді, оның шығармашылық қызметке даярлығы мен әдетін қалыптастырады, оның өзіндік бағасын және құрдастарының, педагогтарының, ата-анасының алдында оның мәртебесін арттырады; - оқушылардың оқу-зерттеушілік белсенділігін ынталандырады; - бірқатар тереңдетуші курстарды оқып-үйренуге қызығушылығын арттырады; - оқушылардың сабақтан тыс уақытта бос болмауы өз тәртібін нығайтуға, өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі бақылауын дамытуға ықпал етеді деп қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Дегенмен осы уақытта Қазақстанның қазіргі қосымша көркем білім беру жүйесінің нақты құрылған тұжырымдамасы мен өзінің даму бағдарламасы жоқ. Осы орайда бейнелеу өнері мұғалімдерін кәсіби даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларын талдауымыз көрсеткендей, оларда қосымша көркем білім беру жүйесінің мәні мен мүмкіндіктерін ашатын пәндер көзделмеген (болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін кәсіби даярлау процесіне қосымша көркем білім беру жүйесінде оқушыларды тәрбиелеудің ұйымдастырылу ерекшелігі мен әдістемесін зерделейтін арнаулы курстарды енгізген орынды болар еді).

Сәндік-қолданбалы өнер жөніндегі теориялық зерттеулерді талдаудың негізінде мынадай қорытынды ұсыну мүмкін болып отыр:

- орталық Азияның көшпенділері өздерінің өмір сүру салтына орай бірегей әлеуметтік-дүниетанымдық жүйе құрды, онда қолданбалы өнердің басқа өнер түрлерінен басымдығын тудырған арнайы дүниетанымның ерекше маңызы бар. Сәндік-қолданбалы өнер дәстүрлі мәдениеттің тұрақты дамуына қажетті барлық рухани және көркем бағдарларды қамтыды. Өнер түрлерінің иерархиясында қолданбалы өнердің маңызы ерекше, бұл оған оның көмегімен көркем-эстетикалық тәрбие беруді қалыптастыруға және жетілдіруге болатын теңдессіз құралға айналу мүмкіндігін береді;

- тіпті қазірдің өзінде, дәстүрлі мәдениетті адамның өмір сүру салты мен дүниетанымын түбегейлі өзгерткен қазіргі заманғы өркениет алмастырған кезде қолданбалы өнер бұрынғыша адамның интеллектуалдық және эмоциялық дүниесіне аса қуатты әсер ету әлеуетіне ие; оның ішінде бала тұлғасының өзін дұрыс ұлттық сәйкестендіруін дамытудың қуатты құралы болып табылады.

Сәндік-қолданбалы өнер этностың көркем эстетикалық санасын көрсететін көркем жүйе ретінде ұсынылған. Қосымша көркем білім беру мазмұны ұлттық сәндік-қолданбалы өнерді мынадай ұстаным: этностың, халықтың шынайы өмірді меңгеруінің ерекше, көркем-бейнелі тәсілі ретінде аталған өнер түрінің терең тетіктерін зерттеу тұрғысынан оқып-үйренуге тиіс. Осыдан келіп, қосымша білім беру жүйесінде ұлттық сәндік-қолданбалы өнер материалы негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие берудің болашақ мазмұндық-конструкциялық үлгісінің компоненттері анықталды.

Мектептегі бейнелеу өнері сабақтарының мақсаты – балаларды қоршаған шынайы өмірді бақылап-байқауға баулу, көркем шығармашылық үшін аса маңызды қабілеттерін, яғни, өмірді суретшінің көзімен көре білуін дамыту. Байқағыштықты, қоршаған шынайы өмірге ынталылықты қалыптастыру және көркемсурет материалдарын бастапқы меңгерту – осы жылғы негізгі міндеттер. Баланың практикалық қызметі оның өз жасына қолжетімді көркем құралдармен қоршаған дүниені өзінше көруін көрсете білуге бағытталған. Педагог балаларға суретшінің бүкіл шығармашылық қызметі өзінің қоршаған өмірді бақылап-байқағандарынан құрылатыны туралы әңгімелеп айтады.

Әрбір көркемсурет техникасы қандай да бір дәрежеде баланың қолының, иығы мен саусақтарының әр түрлі салаларын дамытады. Мысалы, нәзік графикалық жұмыс қозғалыс үйлесімділігіне үйретеді, мүсін жасау саусақтарды дамытады, ал живопись техникаларында орындалатын тапсырмалар бүкіл қолдың еркін де жатық қимылдауына ықпал етеді. Ермексаз, сазбалшық және қағаз сияқты материалдармен жұмыс (көлемді үлгілеу) кеңістікті, көлемді, тереңдікті жақсы меңгеруге ықпал етеді. Осы жастағы бүлдіршіндер қозғалысты қағаз бетінің жазықтығына қарағанда, сезілетін көлемде неғұрлым табысты жеткізеді. Сондықтан бір қызмет түрін

екіншісімен кезектестіріп отыру қажет.

Ізгілікті-эстетикалық ықыластылықты қалыптастыру балалардың қоршаған дүниеге ойлы көзқарасын және өз көзқарасын сөзбен де, көркемсурет құралдарымен де көрсете білу іскерлігін дамытуға бағытталған педагогикалық процесс ретінде қарастырылады. Педагог сабақтарды оқушылар сабақтан сабаққа өткен сайын табиғаттағы форма мен түстің алуан түрлілігін көре білуін, қарапайым, қалыпты құбылыстардың сұлулығын бағалай білуін дамытатындай етіп құрады.

Жыл мерзімдерінің сұлулығын көре білу, өзі үшін күз бен қыстың, көктем мен жаздың түстер палитрасының контрастын ашу, тірі табиғаттағы ұдайы қозғалысты сезіну, осы қозғалысты көркемсурет (графика, живопись, пластика) құралдарымен жеткізу, осы «қозғалысты» педагог ұсынған музыка үзіктерінен ести білу, оны поэзиядан сезіну, осының бәрін шынайы дүниенің әсерлерімен салыстыру – бірінші оқыту жылының негізгі мақсаты. Ізгілікті-эстетикалық ықыластылықты қалыптастыру қоршаған табиғатты қабылдау процесінде ғана емес, практикалық қызмет барысында, суретшілердің туындыларын қабылдаған кезде (түпнұсқалар, слайдтар, репродукциялар), сыныптастарының шығармашылық жұмыстарын талқылаған кезде жүзеге асырылады. Сыныптастарының жұмыстарына, өз шығармашылығына эмоциялық-бағалаушы көзқарасын қалыптастыру нәтижесінде оқушылардың көркем-шығармашылық белсенділігі де жаңа нысан алады.

Бейнелеу өнері саласында оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру олардың ашылуына, әр түрлі шығармашылық қызмет тәсілдерін меңгеруіне мүмкіндік береді. «Егер балғын жаста баланың затты қабылдауы әлі жеткілікті бөлінбеген болса және түс, форма, өлшем және басқа да қасиеттер бала үшін оларды иеленуші заттардан оқшау тұрмайтын болса, онда баланың қабылдауы мен ойлауын дамыту үшін осы қызмет түрлерінің маңызы ерекше екені айдан анық болады», – деп жазды белгілі кеңес психологы Д.Б. Эльконин /1/. Бұл жаста бала үшін жазу элементтерін меңгеру проблема болып табылады, қарындашпен, таяқшамен және тушьпен, көмірмен және грифельмен графикалық жұмыс жасау, саусақтарды дамытатын ұсақ пластикада жұмыс жасау осы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Үлкен форматты парақ бетін гуашь бояулармен және жалпақ қылқаламмен живописьтік игеру қысылу сезімінен арылып, қолдың қимылдарын еркін үйлестіріп, қылқаламмен барлық бағыттарда жеңіл жұмыс істеуге үйретеді.

Балалардың көркем-шығармашылық белсенділігі шығармашылық туындыны жасауға бағытталып қана қойған жоқ, сонымен бірге түпкі ойды ойлап жүрген кезде, болашақ жұмысты талқылау процесінде көрініс табады. Көбіне практикалық қызметтің тура алдында жүретін әңгімелеу бала шығармашылығында көркем бейнені тудыратын ең басты, бастапқы қозғаушы күш болып табылады. Сабақтарда әдеби, музыкалық және көріп қабылдау материалдарын пайдаланған кезде оларды шамадан тыс қолдану сабақтың нәтижесіне кері әсерін тигізуі мүмкін екенін естен шығармау керек.

Кейде көп нәрсеге қарағанда, көркем бейненің туындауын ынталандыратын бір музыкалық немесе поэтикалық үзіндінің берері анағұрлым мол.

Көркем қызмет білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру баланың практикалық қызметі барысында ғана емес, сонымен қатар қоршаған дүниені, өнер туындыларын қабылдаумен байланысты даярлық кезеңінде, балалардың жұмыстарын талқылау нәтижесінде, сондай-ақ педагог сабақта көрсететін әр түрлі көркемсурет материалдарымен жұмыс жасау тәсілдерін қабылдау процесінде де жүреді. Бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасағанда бейнеден, әрбір тақырыпты эмоциялық қанықтырудан бастау керек. Тіпті түсті, графикалық сызықтың сипатын түсінуге, қылқаламмен, таяқшамен, қарындашпен, фломастермен және т.б. жұмыс жасаудың техникалық тәсілдерін меңгеруге байланысты тапсырмалардың ең алдымен ізгілікті-эмоциялық жүктемесі болуы керек.

Барлық балаларда әр алуан қызмет түрлеріне ұмтылысы туындаған кезден бастап көркем-бейнелі бастауын қалыптастыру қажет, бұл өнімді шығармашылықтың міндетті алғышарты болып табылады. Әр түрлі көркемсурет материалдарымен жұмыс жасау тәсілдерін көрсеткен кезде педагог тақтада немесе қағаздың үлкен парағында ірі суреттерді сала тұрып, оларға қандай да бір нақты сипат бермеуі тиіс, өйткені бұл артынан механикалық қайталауға әкелетіні шүбәсіз. Егер кейбір жаңа дағдыларға үйрету кезінде еліктеудің рөлі айдан анық көрініп тұрса, көркем шығармашылықты қалыптастыру ісінде оның мәні екіұшты сипатта болады. Егер, мысалы, балада қиялдау және ойлап табу қабілеттері дамыған болса, онда ол еліктеуге сирек жүгінеді.

Бейнелеу өнері сабақтарында жұмыс орнын ұйымдастыруға, палитраны пайдаланған кезде бояулармен жұмыс жасау тәсілдеріне және тіпті бояуды ашу және жабу, жұмыс орнын жинау және т.б. сияқты, бір қарағанда, қосалқы және техникалық болып көрінетін сәттерге көп көңіл аударылады.

Сабақ барысында мұғалім оқушыларды әр түрлі кескіндемелік, графикалық және пластикалық материалдармен таныстырады. Сосын тапсырмалар жүйесінің көмегімен осы түсініктер біртіндеп балалардың түстің, сызықтың, көлемнің және т.б. айшықтылығын іскерлікпен пайдалану деңгейіне дейін жеткізіледі. Көркемсурет материалдарымен жұмыс жасау дағдыларын меңгерудің соңғы сатысында балалар бояуларды, борларды еркін пайдалануды үйренуге тиіс, бұл, мысалы, қылқаламның батыл қимылынан, әр түрлі бағыттарда және алуан түрлі түстерді ұштастыра отырып кең жағыстардан көрінеді; графикалық материалдарды – ұзындығы, ені, әсемдігі және т.б. әр түрлі сызықтарды еркін пайдалануы керек.

Практикалық жұмыс кезінде олар көркем қызметтің әр түрінің бейнелеу құралдарымен және тәсілдерімен танысады, оқушылар шығармашылықтың табиғи шығу көздері туралы және осы шығармашылықтағы адамның қиял-ғажайып әлемінің, оның қиялының рөлі туралы айқын түсініктер алады. Барлық тапсырмалар эмоциялық боялған болуы тиіс: бұл балаларды өз жұмыстарын неғұрлым терең түйсінуіне дайындайды.

Әрбір көркем туындыда адамның, ең алдымен, өзінің сезімдері мен ойларын, бейнеленетін дүниеге өз көзқарасын салатынын біледі. Бұл тапсырмалар суретшінің әр түрлі өмір кұбылыстарына көзқарасын білдіруі ретінде өнердің бүкіл қызметін ұғыну мақсатында құрылады. Оқушылардың іскерліктері мен дағдылары табиғаттың, хайуанаттардың, адамның әр түрлі эмоциялық жай-күйін көрсететін композициялар құру процесінде меңгеріледі.

Балалармен сұхбаттасу эмоциялы түрде, оқушылардың өмірлік түсініктеріне, олардың табиғатпен және өнермен қатынасу тәжірибесіне сүйене отырып құрылуы керек. Бұл үшін сабақтарға дайындалу кезеңінде мұғалімнің бір қызмет түрінен екіншісіне (сұхбаттасу, қабылдау, шығармашылық жұмыс және т.б.) логикалық тұрғыдан дұрыс өте отырып, жүргізу сценарийін ойластырып алуы мақсатқа сай болады. Бұл сабақтың біртұтас процесті білдіруі үшін қажет, оған қатысқанда балалар қызығушылығы мен ынтасын жоғалтпас еді.

1. Стефаненко Т.Г. *Социальная и этническая идентичность / В кн.: Идентичность: Хрестоматия.* – М.: Изд-во Московского психолого-социального института; Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2003. – 272 с.

2. Кусаинов А. К. *Состояние и задачи педагогической науки Казахстана//Материалы Республиканского научно-методологического семинара, посвященного проблемам развития системы образования и педагогической науки, повышения качества образования в РК: КАО им. И. Алтынсарина, 7 февраля 2008 г.* – 123 с.

3. Наурызбай Ж.Ж. *Этнокультурное образование.* – Алматы, 1997. – 140 с.

4. Эльконин Д.Б. *Избранные психологические труды.* - М.: Педагогика. – 1989. – 540 с.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы художественно-эстетического воспитания детей в системе дополнительного образования. Автор раскрывает психолого-педагогические аспекты методики художественно-эстетического воспитания и обучения детей младшего школьного возраста в системе дополнительного образования на материале национального искусства.

Summary

This article discusses the problems of art and aesthetic education of children in the system of supplementary education. The author reveals the psychological and pedagogical aspects of how art and aesthetic education and training of primary school-age children in supplementary education materials for the national art.